


«Келісемін»

Әдіскер

 А.А. Утешева



«Бекітемін»
«Балапан» МДҰ
МҚКЖ менгерушісі

 Ж.К. Биманбаева

**«Балдырған» аралас тобының 2024-2025 оқу жылына
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Т.Е. Балтабаева

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Тобы: «Балдырған» аралас топ

Балалардың жасы: 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері 3 жас	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері 4 жас
Қыркүйек	-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру; -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету; -Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.	-Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау); -Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту; -Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру; -Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану
Қазан	- Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу; -Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету; -Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.	-Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету; -Ән айту дағдылары дамытуда ре-ми-ля-си диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жаттықтыру; -Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау; -Музыкалық металлофон, барабан аспаптармен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.
Қараша	-Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру; -Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту; -Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере	-Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру; -Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза

	отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.	айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету; -Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту, кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру; -Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау;
Желтоқсан	-Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну; -Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету; -Балаларға ертегі туралы түсінік бере отырып ертегі желісі арқылы музыкаға деген қызығушылығын одан әрі арттыру; -Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту; аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.	-Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету; -Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету; -Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.
Қаңтар	-Музыка тыңдауда әртүрлі аспата орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу; -Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; -Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру;	- Балалардың музыка тыңдауда музыкалық шығармашылығын және қызығушылығын арттыру. Әндерді үйрете отырып, жоғарғы дыбыстарды /секста, септима/ ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. -Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен); -Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау; - Балаларды металлофон және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып үйренуге қалыптастыру.
Ақпан	-Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру; -Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету;	-Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу; -Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану; -Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу,

	-Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік бер; -Металлафон аспабында(бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.
Наурыз	-Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы(ақырын-қатты), қарқыны(жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды-көңілді) байқауға үйрету; -Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру; -Қазақ халқының би өнерімен таныстыру; -Балаларды қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру; -Музыкалық аспаптар жөнінде кеңінен білім беру, танымын ашу, музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету.	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.
Сәуір	-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту; -Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау; - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту; - Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру. Атауы мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.	-Ересектердің орындауындағы және аудио-видеожазбадан музыка тыңдауға үйрету; -Ән айтуда қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру; -Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; -Музыкалық аспаптар жөнінде кеңінен білім беру, танымын ашу, музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету. -Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.
Мамыр	-Музыка тыңдауда балалар аспаптарының музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажырат білуге үйрету; -Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру; -Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау; -Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.	-Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау; -Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту; -Билеуде шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.